

**Свиридова Ж.С.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, заң факультеті, Ю-32, студент  
(*Ғылыми жетекшісі-з.ғ.м., аға оқытушы Бирманова А.И.*)

## ЗАҢДЫЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ МӘСЕЛЕСІ

Заңдылық теориясы мәселесі кеңес кезінде де, қазіргі таңда да зерттелген және зерттеліп келе жатыр. Кеңес кезеңінің ғалым - заңгерлерінің қалыптастырған көптеген тұжырымдары қазіргі уақытта өзінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ (заңдылық түсінігі және мәні туралы, құқықтық категориялар жүйесіндегі заңдылықтың орны, заңдылық құрылымы, оның талаптары, заңдылықтың деңгейлері, заңдылық пен құқықтық тәртіптің өзара байланыстылығы және т.б. басқалар). Заңдылық мәселесін тұтастай және оның жекелеген аспектілерін жеке дара қарастырған. Кеңес кезеңінде мемлекет азамат пен тұлғаның барлық өмірлік жағдайларына етене араласып, сол арқылы мүмкіндіктерін пайдаланып сәйкесінше заңдарды қолданып және шығарылуын қамтамасыз етті. Сондықтан да теоретикалық зерттеудің объективті міндеті ретінде біріншіден, тотальды мемлекетке әрбір тұлғаның қоғамдық өмірі мен жеке өмірі туралы баяндап, тиісті заңдар және оның орындалуы жайлы жұмыс істеді; екіншіден, заңдар және оның орындалуын мемлекеттік органдар қорғады, лауазымды тұлғаларды, қысымнан, азаматтардан, артықшылықтардан айырып, қоғамдық бақылауға қойды; үшіншіден, заңдар тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, тұлға бостандығын шектеуді әртүрлі жағдайларда орындалуын қарастырды, мәселен сайлау бостандығында тек сайлауға, ал таңдауға бостандық емес. Бұның бәрі мәндік жағынан «әлеуметтік заңдылық» деген түсінікті білдіреді.

Қазіргі демократиялық, құқықтық мемлекет құру кезеңінде заңдылық және құқықтық тәртіп мәселелеріне көзқарас идеологиялық бөліністен босатылып, басқаша қырынан қарауды талап етеді: қазір заңдылық буржуазиялық және социалистік деп бөлінбейді, қай мемлекет жайлы айтылса да, заңдылық не бар, не жоқ; біздің мемлекетімізде құқықтық мемлекет концепциясының қағидасы – азаматтардың жалпыға танылған демократиялық құқықтары және бостандықтарын сақтау, соттық қорғауға жүгіну, қоғамда құқықтың үстемдігі, биліктің бөлінуі және т.б. идеялары бекітілген; қоғамдық өмірде сот билігі рөлінің көтерілу маңыздылығы; жаңа қатынастарды реттеуде құқық рөлінің өсуі, қоғамның қазіргі даму кезеңіне сәйкес нарықтық, салықтық, азаматтардың сайлау құқығын қорғау және т.б. дамыды.

Заң әдебиеттерінде заңдылық мәселесіне қатысты екі көзқарас қарастырылған: 1) заңдылық – бұл барлық азаматтар мен лауазымды тұлғалардың заңды орындау және тура сақтауды талап ететін мемлекеттік және қоғамдық өмірдің қағидасы; 2) заңдылық – бұл тек заңдарды ғана емес, барлық құқықтық ұйғарымдарды тура орындайтын және сақтайтын құқықтық мінез- құлық. Заңдылық түсінігі туралы екі көзқарасты бөліп қарасак, оның ең басты мәні болып, барлық құқық субъектілерінің заң талаптарын бұлжытпай және дәлме – дәл орындауы мен сақтауында екенін ескергеніміз жөн. Соған сәйкес, қоғамның құқықтық жүйесінде заңдылықтың орнын алдымен анықтап алу арқылы, оның саяси – құқықтық емес, заңдық құбылыс екенін қарастыру [1, 23].

Заңдылық категориясына деген жаңаша түсіндірме берулер демеу таппай, саяси-идеологиялық немесе прогнатикалық тәртіптің түсініктерімен терістеліп отырды. Алайда, заңдылық тек «көркем термин» ғана емес, заңдылық мемлекет заңдарында, заңшығармашылықта, нормашығармашылықтағы құқықтың талабы мен жүйесінің көрінісі туралы идея.

Заңдылық пен құқықтық тәртіп құқықтық мемлекеттің қажетті элементтері болып табылғандықтан, мемлекет мызғымас заңдылық пен құқыққа негізделген қалыпты деңгейдегі тәртіп жағдайында ғана құқықтыққа айналады.

Заңдылықты қамтамасыз ету бейберекет қалыптаспайды. Ол қоғамдық қатынас субъектілерінің жүріс-тұрысына мақсатты түрде бағытталған ықпал етуді талап етеді, яғни

басқарушылық үрдіс болып табылады. Бұл үрдістің сәтті жүргізілуі үшін жеке адам мен қоғамға әсер ететін әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени, психологиялық, құқықтық факторларын ескеру қажет. Өйткені осы факторлардың тікелей немесе жанама әсерінен құқықтық сана қалыптасып, оған сәйкес жүріс-тұрыс сипаттары пайда болатыны сөзсіз.

Қандай елде болмасын құқықтық мемлекетті қалыптастырудың бұлжымас шарты және құралы заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту болып табылатындықтан, әуелі оның теория мен тәжірибе үшін маңызды мағынаға ие мәселесін қолға алу керек. Мұндай мәселені туғызатын жағдайлар ішінде заңдылықтың қағидалары мен талаптарының шегін анықтау елеулі роль атқарады.

Бүгінгі таңда заңдылықтың нығаюы мәселесі комплексік сипатқа ие және әлеуметтік өмірдің көптеген құбылыстары мен үрдістерімен тығыз байланысты. Сондықтан аталмыш мәселе елдегі жағдайдың жалпы тұрақтану кезінде ғана мүмкін болады.

Заңдылық дегеніміз – құқық субъектілерінің мемлекеттің заңдарын дәл және қатаң орындау немесе қадағалау, оларға нышан келтіруге жол бермеу. Заңға тәуелді актілерді бақылау заңдылыққа жатпайды. Заңдылықтың мазмұны үш талаптан құрылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабы.

1. Қоғамда әділ заң саясаты болу керек. Сол арқылы мемлекеттің заңдары бостандықты, теңдікті, адамгершілікті, инабаттылықты, парасаттылықты тағы басқа жақсылықты қорғау керек; мемлекет пен азаматтардың арақатынасын дұрыс басқаруы.

2. Конституциясының, заңның мазмұнын толық іске асыру, дұрыс орындау. «Сөз бен іс бір жерден» шығу.

3. Конституция мен заңда халықаралық құқықтың принциптерін қатаң қорғау, оларға нұқсан келтіруге жол бермеу.

Міне, осы талаптар, іс жүзінде бірігіп, қалыптасса қоғамда заңдылық орнап, құқықтық мемлекет орнатуға мүмкіншілік болады. Заңдылықты қорғау субъектілері: мемлекет, оның органдары, лауазымды тұлғалар, қоғамдық ұйымдар егерде заңды рұқсаты болса. Жеке тұлғалар-азаматтар заңдылықты қорғаудың субъектісі болмайды. Олар заңды бұзса құқықтық тәртіпті бұзған болып саналады.

Адамзат тарихында қабылданған тарихи-құқықтық ескерткіштерге назар аударсақ, заңдылық құл иеленуші, феодалдық мемлекеттерде болған, бірақ мүддені қорғауда тар шеңбер аумағында, таптық сипат деңгейімен ғана шектелген. Мысалы, ежелгі Римдегі Юстинианның Дигестерінде заңдылық туралы мынандай норма бар: «Заң деген ол сол, оған барлық адамдар бағынулары тиіс». Хаммурапи, Ману заңдарынан да осындай талаптар аңғаруға болады. Мысалы, б.э. дейін XVIII ғ., қабылданған Хаммурапи заңының шығуы мынандай қағида негізінде қабылданған: «...елге әділеттіліктің нұрын беру үшін, заңсыздықпен жауыздарды құрту үшін, күштілер әлсіздерді жәбірлемес үшін». Немесе Ману заңдарында: «Егер патша жазаны лайықты болғандарға үзбей колданбаса, күштілер әлсіздерді істікте балықша қақтаған болар еді», — делінген. Әрине, заң шығарылған соң да үстем тап өкілдері тарапынан қысым, басқыншылық әділетсіздік жасалған. Бірақ қалай айтсақ та заң күштілердің жүгенсіздік, бассыздық, заңсыздық әрекеттерін тежеп отырған. Құқық өзінің табиғатымен, құндылық қасиеттерімен және жауапқа тарту сесімен жалпы адамзаттық игіліктер мен әділеттіліктің рәмізі ретінде санамен қабылданған. Сондықтан заңдылық идеясы мемлекетпен құқықтың ажырамас бөлігі деп қабылдануы тиіс.

Ежелгі Рим заңгерлері заңның қаталдығына қарамастан оны орындау әрбір адамның міндеті деп санаған. *Dura lex, sed lex* -заң қатал, бірақ ол заң деген қанатты сөзді ұрпаққа қалдырған. Франция буржуазиясы 1848 жылғы революция кезінде көтеріліске шыққан жұмысшыларға қарсы күрес жүргізуде заңдылықты ең күшті кедергі деп таныды. Сол кезде өзінің қаталдығымен көзге түскен, буржуазия өкілінің бірі Одилон Барро: «*La Legalite nous tue*» — заңдылық бізді өлтіруде», - деп, көтерілісті басып жаншуға адам құқықтарын аяққа таптауға заңдылықтың кедергі болып тұрғанын тілге тиек еткен. Заңдылық деп мемлекеттік билік жүргізудің ең негізгі қағидасы ретінде барлық органдардың, заңды және жеке

тұлғалардың, адам, дара азаматтардың заңдар мен заңға сәйкес қабылданған нормативтік құқық кесімдерді бұлжытпай орындау және қатаң сақтауды айтады [2, 170].

Зандылық дамыған елдердің саяси, мемлекеттік, экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік құрылысының негізі. Қатаң зандылық қоғамның барлық саласына өзінің әсерін, ықпалын тигізеді. Зандылықтың өзіне тән ерекшеліктері:

- зандылық барлық қоғам көлемінде дамиды; оны орындау, дамыту барлық қоғамның жұмысы. Бұл жұмысты қамтамасыз ету мемлекеттің, бірлестіктердің, одақтардың, ұжымдардың, саяси партиялардың міндеті, бақылау мемлекеттік органның жұмысы.

- зандылық нормативтік актілер мен тығыз байланыста дамиды. Олар бір-біріне зор әсер етіп отырады. Бірі жақсы дамыса, екіншісі де жақсы дамиды, нашар дамыса екеуінің де деңгейі төмен болады.

Сондықтан, зандылық пен мемлекеттің бір-бірімен тығыз байланыста атқаратын қызметтері:

- заң шығаруды сапалы дамыту, нығайту, кемшілікке жол бермеу, заңды бұлжытпай, уақытында орындау;

- заңның үстемдігін орнату;

- адам өз құқығын, өз бостандығын қорғаймын деп басқаның құқығына нұқсан келтірмеуге міндетті;

- құқықты бұзушылықпен қатаң күрес жүргізу.

Берік заңдалықты ұстайтын қоғамда шын мәнісінде, заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерінің дәл бөлінуіне және үйлесімді қарым-қатынас жасауына толық жағдай бар. Руссо мысалы, зандылықтың мақсатын азаматтардың заң алдындағы теңдігі мен бостандығын қамтамасыз ету – деп білген. Мұндай жалпы идеяларды тек Руссо ғана айтпаған, одан басқа көптеген оқымыстылармен айтылғаны мәлім. Сол идеялар қазіргі кездегі өркениетті өмірде іске асырылуда.

Бүгінде ел басшылығының бағдарламалық мәлімдемелерінде былай деп жарияланады: «Біздің басты проблемамыз – қатаң және жалпыға міндетті ережелердің болмауы. Кез келген адам сияқты қоғам да оларсыз өмір сүре алмайды. Ал мемлекеттегі ережелер – бұл заң, бұл Конституция, бұл тәртіп. Бұл жерде мемлекет өзінен бастауы керек. Ол тең ережелерді белгілеп қана қоймай, оларды сақтауы да керек. Заңмен белгіленген ортақ тәртіп нормаларын әркімнің орындауына осылай ғана қол жеткізуге болады тәртіптің болмауын шынайы демократия деп ұғымдарды шатастыруға болмайды»[3, 72].

Кейбір әлеуметтанушылардың пікірінше, Ресейде бүгінде тәртіптен гөрі бостандық көп, ал Батыста бостандық тәртіптің шегінен тыс емес, оның шегінде орналасқан. Демократия жөнінде де соны айтуға болады – ол құқықтық өріспен сәйкес бола бермейді.

Зандылық – құқықтанудың орталық және ең күрделі ұғымдарының бірі. Сәйкесінше, оның түсініктемелері де жетерлік – бір сарындыдан бірін-бірі жоққа шығаратынға дейін. Пікірлердің әр алуандығы бұл құбылыстың өте қатты саясиландырылған және идеологияландырылған, бірін бірі алмастыра отырып, зандылыққа қажетті, жиі конъюнктуралық мазмұн мен бағыттылық беріп, өз мақсаттарында қолданып отырған әр түрлі билеуші элиталардың ұмтылысынан көрініс беретіндігімен түсіндіріледі.

Сондықтан зандылық басқа құқықтық институттардан айырмашылығы, тек қана таза теориялық емес, сонымен қатар өзекті әлеуметтік және тікелей практикалық маңызға ие болған, себебі зандылық деңгейіне, жағдайы мен түсінілуіне миллиондаған адамдардың өмірі мен тағдыры тәуелді болып табылады. Зандылық субъектілері барлық азаматтар мен ұйымдар болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай, заңдар – қоғамды басқарудың, мемлекеттік саясатты жүргізудің өркениетті құралы. Бірақ қарапайым заңдардың болуы, олар зайырлы, шұбасыз болған жағдайда да, көзделген мақсатқа қол жеткізуге, яғни зандылықты орнатуға апармайды, - бұл заңдарды барлығы және бүкіл жерде сақтап, орындауы керек, олар қажетті әлеуметтік әсер беруі қажет. Әрине, заңдарсыз зандылықтың болуы мүмкін емес, бірақ жалғыз заңдардың ғана болуы да ол үшін жеткіліксіз. Заңдар – бұл тек зандылықтың шарты,

алғышарты, нормативтік негізі ғана, алайда бұл міндетті шешпейді. Заңдар жұмыс жасауы қажет.

Міне сондықтан заңдылықтың екі жағы бар: сапалы, толыққанды заңдардың болуы және олардың шынайы іске асырылуы. Соңғысы – мәселенің мәні, себебі заңдардың көп болуы ештеңені де білдірмейді. Бұл тек заңдылықтың алғышарты, нормативтік базасы.

Заңдылық теориясында даулы мәселелер көп кездеседі. заңдылық анықтамасы біршама пікірталас тудырады. ғылыми әдебиеттерде объективтік (қарастырып отырған құбылыстың абстрактілігі және күрделілігі) және сол сияқты кейбір субъективтік себептерге негізделе келе, заңдылық анықтамасының оншақты нұсқасы берілген. заңдылық идея ретінде және құқықтың жалпыға міндетті талабы ретінде, сол сияқты қағида (мемлекеттік аппарат қызметі мен ұйымдастырылуының негізгі қағидаларының бірі) ретінде және заң қызметінің құқық нормасымен сәйкес келуіні көрсететін қасиет ретінде, және қоғамды мемлекеттік басқару (мемлекет әртүрлі нормативтік-құқықтық актілер қабылдау жолымен қоғамды басқарады, осы құқық нормаларының іске асырылуын қамтамасыз етеді) әдісі ретінде, сол сияқты қоғам өмірінің режимі ретінде де түсіндіріледі.

Қазіргі кезде заңдылық заңдарды және басқа да құқықтық актілерді шығаратын және оларды мүлтіксіз орындайтын, қоғамдық қатынастарды ұйымдастырудан тұратын, қоғамның объективті қажеттіліктерінің дамуын зерттеуге негізделген қоғамды мемлекеттік басқарудың әдісі ретінде болады.

Заңгер ғалым Д.Н. Бахрах «заңдылық деп – жоғарғы сапалы заңды нормалардың жеткілікті сандарының болуы, ал содан кейін оларды құқық субъектілерінің барлығы қатаң сақтауы» деп есептейді[4, 21].

Д. Н. Бахрахтың анықтамасымен біз келісе алмаймыз, себебі «жеткілікті сандар» дегені екеу ме, не одан да көп пе? Бұл белгісіз болып тұр.

Кеңестік заңгер ғалым Л. С. Явичтің де пікірі қызықты. Ол заңдылық дегеніміз «кез келген қызмет тек мемлекет заңына сәйкес ешбір кедергісіз өтетін режим» дейді. Басқаша айтқанда, заңдылық – бұл заңды қызметке кедергі болмайтын режим. Осы анықтаманың қызықтығы оның қайталануында болып тұр: заңды қызметтің ешбір кедергісіздігі, әрине, заң жағынан қарастырғанда[5, 30].

Осы анықтамалардың барлығын айта келе, Қазақстандық заңгер ғалым Н. А. Абузарованың жазған пікірімен келісеміз. Оның пікірінше, «заңдылық дегеніміз – бұл мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, азаматтар және қоғамдық ұйымдардың заңдарды және соған сәйкес басқа да құқықтық актілерді мүлтіксіз орындауы, қатаң сақтауы; қоғамдық қатынастар қатысушылары қызметінің құқықтың алғышарттарына сәйкес келуі немесе органдар және лауазымды тұлғалар жағынан азаматтарға озбырлық жасатпау» [6,78]. Сол сияқты кеңестік заңгер ғалым Е. А. Лукашеваның «заңдылық – мемлекеттің тәсілі, әдісі немесе режим» деген пікірімен де келісуге болады[7, 84].

Заңдылық өркениеттік қоғамның өміріндегі қызметінің, оның саяси жүйесінің барлық бөліктерінің бір негізі болып табылғандықтан, қоғамда әділ заң саясаты болу керек. Сол арқылы мемлекеттің заңдары бостандықты, теңдікті, адамгершілікті, инабаттылықты, парасаттылықты тағы басқа жақсылықты қорғау керек, мемлекет пен азаматтардың арақатынасын дұрыс басқаруды, Конституциясының, заңның мазмұнын толық іске асыру, дұрыс орындау, Конституция мен заңда халықаралық құқықтың принциптерін қатаң қорғау, оларға нұқсан келтіруге жол бермеу екендігін көрсетеді.

Міне, осы талаптар, іс жүзінде бірігіп, қалыптасса қоғамда заңдылық орнап, құқықтық мемлекет орнатуға мүмкіншілік болады. Заңдылықтың тек қана заңды сақтау арқылы ғана анықталуының басты кемшілігі оның заңдардың өздерінің сипаты туралы мәселені қозғамауында болып табылады.

Сонымен қатар, заңдылық заңдардың әрекет ету саласына ғана емес, оларды шығарған салаға да, яғни заң шығарушылыққа, кеңінен алғанда – құқық шығарушылыққа да тарауы керек, себебі бұл үдерістер де адамгершілік және заңдылық идеяларының тұрғысынан

бағалауға ұшырайды. Адамның және азаматтың құқықтарын шектейтін, халықаралық гуманитарлық стандарттардың қағидаларына сәйкес келмейтін заңдар қабылданбауы қажет.

Зандылық рөлінің әр жыл сайын артуы құқықтық қоғамдық өмірге әсерінің өсуін заңды бейнесі, оның беделінің артуы, өкінішке орай зиянды, әзірге тек кеңінен таралған құқықтық дәлелсіздік сияқты құбылысты жою болып табылады, онымен құқықты қазіргі заманғы кезеңге әлеуметтік белгілеуді жоққа шығару, оның экономиканы, елдің саяси және рухани өмірін сауықтырудағы рөлі, заң беделін төмендету, мемлекеттік аппарат жұмыскерлерінің озбырлық фактілерін ақтау, құқық нормаларын бұзу түсіндіріледі [8, 102].

Заң үстемдігі қағидасы шындыққа айналуы үшін Конституция ықпалды болуы қажет. Дәл осы тапсырма қазіргі қолданыстағы заманауи Конституцияны дайындауда маңызды болды. Біздің ойымызша, заң үстемдігі қағидасы қазіргі Конституцияда қазақстандық заңдылық қағидасы ретінде көрініс тапты. Бұл дегеніміз, мемлекеттегі барлық заңдарға және басқа да заңды нормативтік актілерге негізделеді деген сөз. Конституцияның 4-бабының 2-тармағы ел Конституциясының жоғары заңды күшін бекітеді.

Конституциялық заңдылық Қазақстан халқының мұрат-мүддесінің жүзеге асуы тұрғысынан алсақ та маңызды болып табылады. Конституцияның кіріспесінде аталғандай ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы Конституцияны дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып қабылдаған. Олай болса, болашақ ұрпақ алдындағы жоғары жауапкершілігін сезіне отырып, халық қабылдаған біздің Конституциямыздың сақталуы, бұзылмауы, тиісінше жоғарылығы Қазақстан халқының мұратына жетудің басты негізі болып табылады.

Әдебиеттер:

- 1 Табанов С., Ертуғанов Қ. Заңдылықты жетілдіру – тәуелсіздіктің берік іргетасы. Ақиқат // 2002. - № 2. – Б.42
- 2 Шабуров А.С. Законность и правопорядок. Теория государства и права. - М: Норма, 1997. – 457с
- 3 Спанов А.Қ., ШапақУ. Құқықтық тәртіп пен заңдылықтың өзара байланысы. //Заңгер. - 2009. - Б.37
- 4 Бахрах Д. Н. Вопросы законности в государственном управлении //Правоведение. 1992. - №3. – С.43
- 5 Явич Л. С. Научно-техническая революция. Право и юридическая наука. // Правоведение. - 1973. - №5.- С.43
- 6 Абузьяров Н. А. Механизм обеспечения законности. – Алматы: Жеті Жарғы, 2001.-149 с
- 7 Лукашева Е. А. Социалистическое правосознание и законность - М., 1973. -189 с
- 8 Клочков В.В. Требования законности: понятие, виды, генезис.//Конституционная законность и прокурорский надзор. - М., 2007. –С.179

**Смагулова А.**, Карагандинский государственный университет академик им.Е.А.Букетова, юридический факультет, ю-23, студент  
(*научный руководитель – м.ю.н. Рахманкулова Г.Б.*)

## **ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ОБЕСПЕЧЕНИЯ РАВНЫХ ПРАВ МУЖЧИН И ЖЕНЩИН В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

Среди международных договоров по правам человека Конвенция о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин занимает важное место ввиду того, что в центре ее внимания стоят проблемы прав женщин, которые составляют половину человечества. Конвенция является не только международным Биллем о правах женщин, но и программой действий для стран мира по осуществлению этих прав.

Не считаются дискриминационными по признаку пола меры, направленные на:

- 1) защиту материнства, детства и отцовства;
- 2) защиту женщин в связи с беременностью и родами;